

## Нұр-Сұлтан қаласының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 44 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

### 1. Мыналарға:

- 1) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 10 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жұмабек Тәшеневтің есімі;
- 2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 48 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ахмет Байтұрсынұлының есімі;
- 3) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 52 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Бейімбет Майлиннің есімі;
- 4) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 56 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шәкәрімнің есімі;
- 5) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 57 орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мәшһүр Жүсіптің есімі;
- 6) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 58 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ілияс Жансүгіровтің есімі;
- 7) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 68 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Міржақып Дулатұлының есімі;
- 8) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 76 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әлихан Бөкейханның есімі;
- 9) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 80 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сәкен Сейфулиннің есімі;
- 10) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 84 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне шейх Халифа бен Заид әл-Нахаянның есімі;
- 11) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 85 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәнидің есімі;

12) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Оқушылар сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына әл-Фарабидің есімі берілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК